

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия университетін ұйымдастыру мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 қыркүйек N 1111

"Л.Н.Гумилев атындағы Евразия университеті туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 23 мамырдағы N 2996 U962996_ Жарлығын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 20, 172-құжат) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Л.Н.Гумилев атындағы Евразия университетінің негізгі міндеттері мыналар болып айқындалсын:

Евразиялық білім және мәдени кеңестігінің интеграциялық әлеуетін жүзеге асыру, білім және ғылыми бағдарламалар, оқу-әдістемелік әдебиеттер әзірлеу жолымен Евразия Одағы идеясын өмірге енгізу;

қазақ орыс және шетел тілдерінде, оның ішінде Қазақстан Республикасы азаматтарының оқуға түсу және оқуы шарттарында Евразия елдерінің өкілдерінен жоғары кәсіби және парасат деңгейіндегі мамандар мен ғылыми қызметкерлер даярлау;

Евразияны мекендеген халықтардың мәдени мұрасы мен тарихын, Евразия аймағының экологиялық, демографиялық, әлеуметтік, экономикалық және ғылыми-техникалық даму проблемаларын зерделеу мен оқыту;

оқу және ғылыми процестерде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану, телекоммуникациялардың бірыңғай жүйедегі интеграциясы;

көкейкесті білім беру және ғылыми проблемаларды халықаралық, мемлекеттік және аймақтық деңгейлерде кезең-кезеңмен шешу.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне:

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия университетінің құрылымын, мамандықтар тізбесін, профессор-оқытушылар құрамының штаттық санын айқындасын және белгіленген тәртіппен оның құрамын бекітсін;

1997 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Евразия университетінің құрамында Евразиялық проблемаларды зерделеу жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығын құрсын.

3. Білім министрлігі, Ақмола облысының әкімі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Экономика министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісімімен Л.Н.Гумилев атындағы Евразия университетін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, студенттерге, профессор-оқытушылар құрамына, шақырылатын шетел ғалымдары мен мамандарына қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау жөніндегі шарттар жоспарын әзірлеп,

оны 1996 жылдың 1 қарашасына дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК